

МӘРТЕБЕЛІ МЕРЕҮ

Auezov University студенті – бокстан Азия чемпионы



Auezov University студенті Төрехан Сабырхан Астана қаласында өткен бокстан жастар мен жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатының жеңімпазы атанып, алтыннан алқа тақты. Бұл туралы аталған оқу орнының баспасөз қызметі хабарлады.

63 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен спортшы финалда үндістандық Яшвардхан Сингхпен кездесіп, төрешілердің шешімімен Азия чемпионатының алтын жүлдегері атанды. – Жеңіске жету жолында көп еңбектендім. Финалдағы үндістандық қарсыласым осалдық танытқан жоқ. Алайда, шапшандықпен логиканың арқасында оны жеңіп шықтым. Алдағы уақытта ағам Махмұд Сабырхан сияқты әлем чемпионы болғанша аянбай тер те-

гемін, – дейді жас спортшы.

Бұған дейін ол, алғашқы айналымда, ирандық боксшыдан айналысын асырып, басым түскен болатын. Ал, жартылай финалдық бәсекеде Төрехан Сабырхан иорданиялық Омар Әл Хадидиді жеңді. 21 қазан – 4 қараша аралығында өткен жарыс қорытындысы бойынша Auezov University студенті жастар арасында Азия чемпионатының ең үздік боксшысы атанды. Ал, жасөспірімдер арасындағы дәл осындай атақ тағы бір қазақстандық Аяжан Сыдыққа бұйырды.

Жалпыкомандалық есепте отандастарымыз 2-орынға тұрақтады. Топ басында Үндістаннан келген команда болса, көрші өзбек елінің өкілдері үздік үштікті түйіндеді. Биылғы байрақты бәсекеге 23 мемлекеттен 500-ге жуық қатысушы келді.

Маркетинг және медиа коммуникациялар департаменті